

**Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 9 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3252. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 26, 31-баптарына және Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы туралы" Заңының 7, 9, 11-баптарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ұсынылып отырған Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережесі бекітілсін.

2. Ветеринария департаменті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстардың және Астана, Алматы қалаларының аумақтық басқармаларымен бірге, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария департаментіне (Қожамұратов А.Ә.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

*К е л і с і л г е н*  
*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Д е н с а у л ы қ      с а қ т а у      м и н и с т р і*

*5 қараша 2004 ж.*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л                      ш а р у а ш ы л ы ғ ы                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      5                      қ а р а ш а д а ғ ы  
N 238 бұйрығымен бекітілген

**Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы аурулардың  
(бруцеллез) профилактикасы және олармен күресу  
бойынша ветеринариялық-санитариялық және  
санитариялық-эпидемиологиялық ережелері 1. Жалпы мәліметтер**

1. Осы Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы аурулардың (бруцеллез) профилактикасы және олармен күресу бойынша ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26-бабына және Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының 7, 9, 11-баптарына сәйкес, жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті, ветеринариялық іс-шараларды және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру мен оларды ұйымдастырудың тәртіптерін анықтайды. K090193

2. Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринариялық ережелер - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар орындау үшін міндетті болып табылатын ветеринариялық нормативтер негізінде ветеринариялық іс шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, өз өкілеттігі шегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) шектеу іс-шаралары - жануарлар ауруының таралуына жол бермеу және індет ошағы мен қолайсыз пунктте ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу мақсатында шаруашылық байланыстарды ішінара шектеуге және мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің орнын ауыстыруды тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық, әкімшілік-шаруашылық іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

4) бруцеллездің індет ошағы - инфекция қоздырғыштарының көзі, берілу факторы және ауруды жұқтыруға бейім жануарлар орналасқан шектеулі аумақ н е м е с е                      м а л                      қ о р а л а р ы .

5) ауру бойынша таза емес пункт (таза емес пункт) - індет ошағы орын тепкен а у м а қ ;

6) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау - халықтың

денсаулығын және тіршілік ортасын қорғау мақсатында бағытталған Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы заңдылығын бұзушылыққа тосқауыл қою, алдын алу, анықтау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық органының бақылау қызметі;

7) дезинфекция, дезинсекция және дератизация - өндіріс, тұрғын үй ғимараттарында, көлікте, көпшілік орындарында және аумақтарда жүйелі түрде жүргізілетін инфекциялық және паразитарлық аурулардың қоздырушыларын, тұрмыстық жәндіктерді және кемірушілерді жоюға бағытталған кешенді шаралар ;

8) инфекциялық және паразитарлық аурулар - шығуы және таралуы тіршілік ортасының биологиялық факторлары әсерінен туындайтын адам аурулары;

9) медициналық жеке кітапша - жеке құжат, медициналық тексерулердің қорытындысы жазылатын, шектелген адамдарға берілетін жеке құжат;

10) індетке қарсы қолданылатын санитарлық-эпидемиологиялық (профилактикалық) іс-шаралар - инфекциялық, паразитарлық аурулардың, жалпылама уланудың шығуына және таралуына тосқауыл қоятын және жою үшін қолданылатын бағытталған іс-шаралар немесе сыртқы қоршаған ортаның адамдарға қауіп төндіретін биологиялық факторларын азайту мақсатында қолданылатын іс-шаралар ;

11) эпидемия - індеттің тіркелген деңгейден басым, кең етек алып жалпылама таралуы ;

12) кезеңдік медициналық тексеру - кәсіптік, инфекциялық және паразитарлық аурулардың, жалпылама уланудың шығуына және таралуына тосқауыл қою үшін, елді мекендерде аурудың алғашқы белгілерін дер кезінде анықтау үшін, жүргізілетін, адамдардың денсаулығын бірқалыпты бақылап отыруға бағытталған, елдегі санитариялық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған, санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің өкілетті органы бекіткен, мезгілімен дер кезінде орындалатын медициналық тексеру;

13) алдын ала медициналық тексеру - жұмысқа, қызметке және оқу орнына түсер алдында тексеру, денсаулықты анықтау мақсатында, қолайсыз оқиғаларды алдын ала болдырмау үшін, кәсіптік, инфекциялық және паразитарлық ауруларды оны таратпау үшін, жалпы анықтау мақсатында тексеру жүргізу.

## **2. Бруцеллез туралы жалпы анықтама**

3. Бруцеллез - Brucella атты жалпы атаумен біріктірілген бактериялар қоздыратын созылмалы өтетін адам және жануарлардың ауруы.

Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының (ФАО) және Дүниежүзілік

денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бруцеллез жөнінде біріктірілген сараптаушы комитеті келесі топтастыруды ұсынады, осыған қарағанда *Brucella* туыстастығы 6 түрге бөлінеді: *Brucella melitensis*, *Brucella abortus*, *Brucella suis*, *Brucella neotome*, *Brucella ovis*, *Brucella canis*.

Бруцеллалар жоғары температураға сезімтал. Сұйық ортада 60 градуста 30 мин., 80-85 градуста - 5 минут ішінде, ал қайнатқанда бірден өледі. Тікелей түскен күн сәулесінің әсерінен бруцеллалар 4-5 сағатта өледі, топырықта тіршілігін 100 күн, суда - 114 күн сақтайды. Қоздырушы азық-түлікте ұзақ уақыт сақталады. Төменгі температураға өте төзімді болады (қатырылған етте 5 ай, сүт өнімдерінде - 1,5 айға дейін сақталады). Бруцеллездің қоздырушысы әр түрлі дезинфекциялық заттарға сезімтал: 2% карбол қышқылының ерітіндісі мен күйдіргіш натр, лизолдың 3% ерітіндісі хлорлы әктің және хлораминнің 0,2-1% ерітінділері қоздырушыны бірнеше минутта өлтіреді.

4. Адам бруцеллезінде індеттің негізгі көзі қой, ешкі, сиректеу ірі қара мал, түйе, шошқа, марал және тағы басқа жануарлар болып табылады. Бруцеллез індетінің таралуында адам ролінің эпидемиологиялық маңызы жоқ.

Бруцеллез адамдарға әр түрлі жолдармен жұғады. Індет көбінесе жанасқанда (ауру малмен немесе олардың өнімдерін, шикізаттарын пайдаланғанда) немесе алиментарлық жолмен жұғады.

Мал өнімдері мен шикізаттарының эпидемиологиялық маңызы көп мөлшерде ластанғанымен айқындалады, сонымен қатар ол бруцелланың түріне, және оның вируленттілігі мен ұзақ уақыт сақталуына байланысты. Мысалы, ластанған сүтте бруцеллалар 10 күннен аса, ішкі ұлпаларда, сүйекте, бұлшық ет пен лимфа бездерінде бір айдан аса, жүнде - 3 ай сақталады.

Адамдар бруцеллезге жанасу арқылы, не аэрогендік жолмен бруцелланың вирулентті өсінімен жұмыс істегенде шалдығады.

Қой мен ешкінің *Brucella melitensis* түрі қоздыратын адам бруцеллезіне көктем-жазғы маусымдылық тән, ол малдың төлдеуіне байланысты. Бруцеллез адамға ірі қарадан жұққанда маусымдылық соншалықты байқалмайды, ол ауру көбінесе сүт және сүт өнімдері арқылы жұғуына, сонымен қатар сауын мерзімі көпке созылуына байланысты.

5. Адамның бруцеллезі - ауыр созылмалы індет. Жасырын кезеңі 1-2 аптаға, ал кейбірде 2 айға дейін созылады. Жасырын кезеңнің мерзімі организмге енген микробтардың санына, олардың вируленттігіне және организмнің төзімділігіне байланысты.

Жасырын кезеңнен кейін адамның бруцеллезі жіті түрінде байқалып, дененің қызуы 3-7 күн бойы 39-40 °С көтеріліп тұрады. Дененің қызуы тоңазумен және қатты терлеумен қатар болады. Емді дер кезінде қолданғанда адам сауығып

кетеді. Бірақ көбінесе аурудың белгілері ұлғайып рецидивті бруцеллез түрінде байқалып немесе қозғалу аппаратының, жүйке, несеп-жыныс және жүрек-қан жүйесінің зақымдануымен сипатталатын созылмалы процеске ауысып кетеді.

Жануарларда бруцеллездің клиникасы әртүрлі болады. Аурудың негізгі белгісі іш тастау болады, ол кезеңде іш тастаған төлмен, шарана суымен, плацентмен, жыныс органдарының сұйығымен көп уақытқа дейін сыртқы орта ластанады. Бруцеллалар сыртқа ауырған малдың несепімен және сүтімен шығады. Сонымен қатар малдың терісі, қорадағы мал орны, төсеніш, жем-шөптің қалдықтары, құрал-саймандар, мал қора, жайылым және суаттар ластанады. Жануарларда іш тастаудан басқа орхит, бурсит, эндометрит, мастит байқалады. Индет сонымен қатар жасырын түрде өтеді, тек арнайы зерттеу нәтижесінде ғана анықталуы мүмкін.

### **3. Жануарлардың бруцеллезімен күресудің жалпы ережелері**

6. Жануарлардың бруцеллезімен күресу келесі шараларға бағытталған:

- 1) жануарлардың бруцеллезінің алдын алуға;
- 2) бруцеллездің эпизоотиялық ошақтарын жоюға;
- 3) бруцеллезді адамдарға жұқтырмауға.

7. Бруцеллезге қарсы шаралар ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы жұмыстарды қарастырады.

8. Ұйымдастыру-шаруашылық шараларға малдың өсірілуі, азықтандыру мен өсіру жағдайы, жұмысты ұйымдастыруын қорғау, ветеринариялық және санитариялық білімдерді насихаттау.

9. Ветеринариялық-санитариялық шараларға санитариялық режимді және мал шаруашылығы нысандарында шектеу шараларын сақтау, фермаларды қоршау және зоналарға бөлу, ветсанжібергіш және дезбөгеттер жасау, мал өнімдері мен шикізаттарын залалсыздандыру, дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау кіреді. Бұл шаралар жалпы қабылданған нормалар және бруцеллездің ерекшелігіне байланысты туындайтын жеке бөліктері жөнінде осы Ереже бойынша жүргізіледі.

10. Арнайы шараларға осы нұсқауға сәйкес жүргізілетін иммунопрофилактика және диагностикалық зерттеулер мәселелері кіреді.

11. Мал бруцеллезімен күресу жүргізілген індеттанулық талдау нәтижелері бойынша бруцеллезден таза немесе таза емес пункттерге жатқызылған жануарлар табынының (отарының) белгіленген аумағында жүргізіледі. Соңғысының құрамына індет ошағы және қауіп төнген зона кіреді.

12. Бруцеллезбен ауырған мал немесе осы аурудан таза емес мал табыны орналасқан мал қорасы, аула, жайылым немесе басқа да аумақтар бруцеллездің індет ошағы болып табылады.

13. Бруцеллезбен ауырған мал немесе уақытша оқшаулау мақсатында организмдерінен бруцеллалар белсенді бөлініп жатқан (мысалы шарана суымен, шумен, жыныс жолдарының бөлінулерімен) зақымданған жануарлар тобы орын тепкен қоралар және шектелген аумақ індет ошағының мәйегі болып саналады.

14. Індет ошағы орналасқан елді мекеннің (ауылдың, селоның, поселоктің) немесе шаруашылықтың (жеке қожалықтың, ұжымның) аумағы аурудан таза емес пункт болып есептеледі.

15. Індет ошағының сыртында орналасқан, аурудан таза емес пункттің аумағы, қауіп төнген зона болып есептеледі.

#### **4. Аумақтың және жануарлардың статусын анықтау**

16. Аумақтар бруцеллез статусына байланысты класстарға бөлінеді: таза; А, В және С.

17. Таза класс: аудандық әкімшілік аумағында соңғы 12 ай бойы жануарлардың 90 процентін ресми диагностикалық тестілермен тексергенде оң нәтиже бермесе.

18. Класс А: аудандық әкімшілік аумағында соңғы 12 ай бойы жануарлардың 90 процентін ресми диагностикалық тестілермен тексергенде оң нәтиже берген мал 0,25 проценттен аспаса;

19. Класс В: аудандық әкімшілік аумағында соңғы 12 ай бойы жануарлардың 90 процентін ресми диагностикалық тестілермен тексергенде оң нәтиже берген мал 1,5 проценттен аспаса.

20. Класс С: аудандық әкімшілік аумағында соңғы 12 ай бойы жануарлардың 90 процентін ресми диагностикалық тестілермен тексергенде оң нәтиже берген мал 1,5 проценттен асып кетсе.

21. Жануарлар статусына байланысты сау, шартты түрде сау, ауру және ауруға күдікті тудыратын болып жеке немесе топтарға бөлінеді:

1) сау жануарлар: бруцеллезге ресми тестілер бойынша теріс нәтиже берген және аумақтың таза класында немесе аумақтың А және В кластарында бруцеллезден таза табындарда орналасқан;

2) шартты түрде сау жануарлар: бруцеллезге ресми тестілер бойынша теріс нәтиже; бірақ соңғы екі айда ауру малдармен жанасқан немесе аумақтың А және В кластары аумағында бруцеллезден таза емес табында орналасқан немесе аумақтың С класындағы барлық табындарда орналасқан;

3) бруцеллезге күдікті жануарлар: бруцеллезге ресми диагностикалық тестілер

бойынша күдікті нәтиже немесе басқа диагностикалық әдістерге оң нәтиже берген ;

4) бруцеллезбен ауырған жануарлар: бруцеллезге ресми тестілер бойынша оң нәтиже береді. А класы аумағында иммунологиялық тестілерге оң нәтиже берген жағдайда, вакцинамен егілгендігі ескерілмеу керек, ал бактериологиялық зерттеулер оң нәтиже бергенде, бруцелланың эпизоотологиялық және вакциналық штаммдарын жіктеу қажет.

22. Бруцеллез ауруы бойынша табынды таза, зақымданған және күдіктіге жатқызатын :

1) таза табын - ресми тестілер бойынша соңғы 12 айда және басқа тестілер бойынша соңғы 2 айда бруцеллезге оң нәтиже бермеген табын;

2) зақымданған табын - ресми тестілер бойынша бруцеллезге оң нәтиже берген мал бар немесе эпизоотологиялық жағдай онда инфекция қоздырушысының бастауы барлығын дәлелдеген табын;

3) күдікті табын - ресми тестілер бойынша бруцеллезге күдікті нәтиже берген мал бар немесе басқа тестілер бойынша оң нәтиже берген табын.

23. Эпизоотологиялық жағдайға байланысты профилактикалық, аралық және сауықтыру шаралардың жоспарлары жасалынады:

1) профилактикалық іс шаралар жоспары - бруцеллезден таза ауылдық округтегі шаруашылық субъектісіне дайындалады.

2) аралық іс-шаралар жоспары - ауру шыға қалған жағдайда, уақытша іс-шаралар жоспары жасалынады, бірінші рет диагноз қойылатындықтан, бір жетіден - бір ай аралығына есептелінеді, онда малдың барлық басына және аурудың шыққан санын есепке алады, бұл жоспар бойынша, бруцеллездің нақты статусын анықтайды .

3) сауықтыру іс шараларының жоспары. Таза класс індет ошағы аумағында бруцеллез шыққанда барлық мал басын ауыстыру жолымен сауықтыру жоспары дайындалады. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдары жүйелі диагностикалық тексерулер жолымен сауықтыруға рұқсат берулері мүмкін.

## **5. Жануарлар бруцеллезінің диагностикасы**

24. Жануарларды және олардың биологиялық материалдарын қолданыстағы бруцеллезді диагностикалау нұсқамасына сәйкес жүргізеді.

25. Бруцеллезге жаппай тексеру үшін әлбетте әртүрлі серологиялық әдістерді қолданады, олардың ішінде ресми тестілердің нәтижелері ең дұрысы деп саналады. Бруцеллездің диагностикасы үшін ресми тестілер болып комплементі байланыстыру реакциясы (КБР) және иммуно-ферменттік анализ (ИФА) табылады.

## 26. Әртүрлі жануарларға зерттеулер жүргізіледі:

1) ірі қара мал, марал, зебу және басқалар мына серологиялық реакциялармен: агглютинация реакциясы (АР), комплемент байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР), роз бенгал сынамасы (РБС), Сайдулдин реакциясы (СР), иммуноферменттік анализ (ИФА), ал іш тасталған төлді бруцеллездің антигенін табу үшін биологиялық сынама қойып бактериологиялық зерттеулер жүргізіп тексереді;

2) қой, ешкі, бұғыны - мына серологиялық әдістермен тексереді: АР-агглютинация реакциясы, КБР-комплемент байланыстыру реакциясы, КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы, РБС-роз бенгал сынамасы, бактериологиялық (биологиялық сынама қою арқылы);

3) шошқаны мына серологиялық әдістермен тексереді: КБР-комплемент байланыстыру реакциясы, КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы, РБС-роз бенгал сынамасы; бактериологиялық (биологиялық сынама қою арқылы);

4) жылқыны мына серологиялық әдістермен тексереді: пробиркідегі АР-агглютинация реакциясы, КБР-комплемент байланыстыру реакциясы, КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы, РБС-роз бенгал сынамасы; бактериологиялық (биологиялық сынама қою арқылы);

5) түйені мына серологиялық әдістермен тексереді: АР-агглютинация реакциясы, КБР-комплемент байланыстыру реакциясы, КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы, РБС-роз бенгал сынамасы, бактериологиялық (биологиялық сынама қою арқылы);

б) иттерді және жануарлардың басқа түрлерін мына серологиялық әдістермен тексереді: АР-агглютинация реакциясы, КБР-комплемент байланыстыру реакциясы; бактериологиялық (биологиялық сынама қою арқылы).

27. Ұсақ малды *V. ovis* қоздыратын ауруға күдіктенгенде КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясымен тексереді. Іш тасталған төлді биологиялық сынама қою арқылы бактериологиялық зерттеулер жүргізу немесе бруцеллез антигенін анықтау мақсатында иммуно-ферменттік анализ - ИФА әдісімен тексереді.

28. Жануарларды бруцеллезге 15-30 күннен кейін серологиялық әдістермен қайтадан тексереді.

29. Сиырларды (қашарларды), інгенді буаздығына қарамастан, бірақ туғанынан 14 күннен кейін, аналық қойды және мегежінді төлдегенінен 1 айдан кейін, сондай-ақ ұсақ малдың төлдерінен басқа, жас малдарды 4-6 айлығынан бастап тексереді.



30. Бруцеллезге қарсы егілмеген ірі қара малды және қойды, осы ауруға, вакцинаны қолдану нұсқамасында белгіленген тәртіпте және уақытта тексереді, сондай-ақ осы ауру бойынша жағдайға баға береді.

31. Бруцеллезге күдік тудырған белгілер байқалған малдардан алынған материалдарға бактериологиялық зерттеулер (биологиялық сынамамен бірге қояды) жүргізіледі. Ветеринариялық зертханаға түскен іш тасталған төлдер міндетті түрде кампилобактериоз, трихомоноз, листериоз, сальмонеллез, лептоспироз, хламидиоздық аборт ауруларына тексеріледі.

32. Бруцеллезді уақытында айқындау мақсатында аурудан таза шаруашылық субъектілері жоспарлы түрде осы ауруға тексеріледі:

1) мүйізді ірі қара мал: сиырлар серологиялық - АР-агглютинация реакциясы, КБР-комплемент байланыстыру реакциясы, КҰБР-комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы, РБС-роз бенгал сынамасымен жылына 2-рет, сауылатын жануарлардан топтан алынған сүт шығыршық реакциясымен (ШР) - ай сайын, бұқалар АР, КБР, КҰБР, РБС реакциялары арқылы тоқсан сайын тексеріледі. Іш тастау болған жағдайда, іш тасталған төл бактериологиялық з е р т т е у м е н ;

2) қой және ешкілер: меншік түріне қарамастан барлық шаруашылық субъектілерінде аналық қойлар, 3-4 айлық ұрғашы тоқтылар - ұрықтандыру алдында (РБС немесе АР, КБР, КҰБР реакцияларымен), қошқарлар бруцеллезге және инфекциялық эпидидимитке - жылына 2-рет (төлдегенге дейін және төлдегеннен кейін РБС, КҰБР реакцияларымен) тексеріледі. Іш тастау болған жағдайда, іш тасталған төл биологиялық сынама қою арқылы бактериологиялық з е р т т е у м е н т е к с е р і л е д і ;

3) шошқалар: негізгі мегежіндер және аталық шошқалар - жылына 2 рет, ал қалған мал басы - жылына 1 рет (РБС, КБР, КҰБР реакцияларымен). Іш тасталған төл биологиялық сынама қою арқылы бактериологиялық зерттеумен;

4) жылқылар бруцеллезге күдіктенуге негіз болатын белгілері байқалған кезде (бурсит, тағы басқа), сондай ақ ірі қара малының және майда жандықтың бруцеллезден сауықтыру алу үшін, шектеуді алар алдында бруцеллезге (АР, КБР, КҰБР, РБС реакцияларына) тексереді;

5) марал өсіру шаруашылықтарында қан сарысуын бруцеллезге (АР, КБР, РБС реакцияларымен) жылына бір рет, мүйіздерін кесу кезінде тексереді;

6) терісі бағалы аңдар өсіретін шаруашылықтарда бруцеллезге ветеринариялық бақылау ересек аңдарды серологиялық зерттеулер көмегімен және іш тасталған төлдерді бактериологиялық зерттеулер жүргізу арқылы жүзеге а с ы р а д ы ;

7) қойдың инфекциялық эпидидимитіне аурудың қоздырушысының өсінін бөліп алғанда немесе комплементті ұзақ бекіту реакциясы бойынша овис антигеніне оң нәтиже алынса диагноз қойылды деп есептеледі.

33. Бруцеллезден таза статустағы табында бруцелла өсінін бөліп алғанда немесе биосынама бойынша немесе иммуноферменттік анализ әдісімен оң нәтиже алынса бруцеллезге диагноз қойылды деп есептеледі. Жануарлардан серологиялық зерттеулермен бруцеллезге оң нәтиже алынғанда осы Ереженің қосымшаларына сәйкес диагнозға анықтау жүргізеді.

34. Жануарлардан бөлініп алынған бруцелланың өсіндерін Республикалық ветеринариялық зертханаға немесе оның облыстық филиалдарына ауру қоздырушысының түрін анықтауға жібереді.

35. Бруцеллезге диагноз қойылған жағдайда, ауданның мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторы, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандарымен бірге, шаруашылықта індет ошағының және індет процесінің, инфекция қоздырушысының бастауының, оның берілу факторларын, індет ошағының, қауіп төнген аумақтың, қолайсыз пункттің шекарасын анықтау мақсатында эпидемиолого-эпизоотологиялық талдау жүргізеді.

36. Эпидемиолого-эпизоотологиялық талдаудың нәтижелері акті түрінде дайындалады. Оған аймақтың рельефінің схема-картасы, мал қораларының, тұрғын, өндірістік және басқа нысандардың орналасуы бірге беріледі. Схема-картада індет ошағының, қауіп төнген зона және аурудан таза емес пункттің шекаралары көрсетіледі.

## **6. Профилактикалық іс-шаралар**

37. Жануарлардың бруцеллез ауруының алдын алу үшін уақытында бақылау зерттеулерін жүргізу қажет.

38. Бруцеллезге бейім жануарларды (оның ішінде асыл тұқымды жануарларды) сатып алғанда, оларды 30 күн бойы басқа малдардан оқшаулап ұстайды және 2-рет бруцеллезге диагностикалық зерттеулер жүргізіп, ал қошқарларды сонымен қатар инфекциялық эпидидимитке тексереді. Басқа жануарлармен жанасуға немесе бірге ұстауға зерттеулерден тек 2 рет теріс нәтиже алғаннан кейін барып рұқсат етіледі. Егер зерттеулер кезінде оң нәтиже берген жануарлар байқалса, оларды оқшаулайды және диагнозын анықтайды (осы Ереженің қосымшаларына сәйкес), бруцеллез анықталған жағдайда ауру және олармен жанасуда болған жануарларды етке союға тапсырады.

39. Жануарларды басқа адамдарға сату және осы пункттен басқа жаққа әкету, олардың аурудан тазалығын дәлелдегеннен кейін және паспортында қажетті белгілердің болуына байланысты жүзеге асырылады.

40. Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды бруцеллезге қарсы профилактикалық мақсатта егу шектелген вакциналармен ветеринария саласындағы өкілетті мемлекеттік органның рұқсатымен жүргізіледі.

41. Статусы таза классқа жататын аумақта, жануарларды бруцеллезге қарсы әдетте вакцинамен екпейді. Егер аумақ бруцеллез бойынша А, В және С кластарының аумағымен шекаралас болған жағдайда вакцинамен егу қарастырылады.

42. Егер таза аумақ, А класына жататын аумақпен шекаралас болған жағдайда, бруцеллезге қарсы тек қана жас малдарды, бұзауларды және қозыларды ғана вакцинамен егеді. Олар штамм 82 және Рев-1 вакциналарының қолдану жөніндегі нұсқамаларына сәйкес егіледі.

43. Егер таза аумақ В және С класына жататын аумақпен шекаралас болса, онда бруцеллезге қарсы сиырларды штамм 82 вакцинасымен, ал саулық қойларды штамм Рев-1 вакцинасының төмендетілген дозасымен, олардың қолдану нұсқамасына сәйкес егеді.

44. А класына жататын аумақта бруцеллезге қарсы тек жас малдарды, бұзауларды - штамм 82 вакцинасымен, ал қозыларды Рев-1 вакцинасымен, олардың қолдану нұсқамасына сәйкес егеді.

45. Егер А класына жататын аумақ, В немесе С класына жататын аумақтармен шекаралас болса, онда бруцеллезге қарсы сиырларды штамм 82 вакцинасымен, саулық қойларды штамм Рев-1 вакцинасының төмендетілген дозасымен, қолдану нұсқамасына сәйкес егеді.

46. В немесе С класына жататын аумақтарда аурудан таза жануарларды, бұзауларды және сиырларды штамм 82 вакцинасымен, ұрғашы қозыларды және саулық қойларды Рев-1 вакцинасының төмендетілген дозасымен, қолдану нұсқамасына сәйкес егеді.

47. В немесе С класына жататын аумақта аурудан таза емес пункттерде табында бруцеллезбен ауырған жануарлар болған жағдайда, жас малдарды тек екі рет теріс нәтиже және бақылау зерттеулерінен теріс нәтижелер алынғаннан кейін сақа малдарды вакцинамен егеді.

## **7. Аралық іс-шаралар**

48. Егер бруцеллезден таза табында жоспарлы диагностикалық зерттеулер кезінде, бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлар шықса, онда табын бруцеллезден уақытша күдікті статусына ие болады және аралық іс-шаралар жоспары бойынша бруцеллездің қорытынды статусы анықталады.

49. Бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлар оқшауланады және реакция берген малдарды оқшаулап осы Ереженің қосымшаларына сәйкес диагнозы анықталады.

50. Егер бруцеллездің диагнозы анықталып, ал індеттанулық зерттеулер бойынша бруцеллез қоздырушысының бастауының және берілу факторларының барлығы анықталса, онда табын бруцеллезге шалдыққан статусына ие болады.

51. Егер бруцеллездің диагнозы анықталмаса, ал індеттанулық зерттеулер бойынша бруцеллез қоздырушысының бастауының және берілу факторларының жоқтығын анықталса, онда табынға бруцеллезден таза статусы қайтарылады.

## **8. Сауықтыру іс-шаралары**

52. Бруцеллезден сауықтыру шаралары індет ошағын жоюға бағытталған, инфекция қоздырушысының бастауын жоюға және берілу факторларын залалсыздандыруға.

53. Бруцеллез қоздырушысының бастауын жоюға, бруцеллезбен ауырған және бруцелла тасымалдаушы жануарларды толығымен айқындау және жою арқылы қол жетеді.

54. Бруцеллезбен ауырған жануарлардың жартысы, сондай-ақ жасырын бруцелла тасымалдаушылардың көпшілігі, қалыптасқан әдістермен бір рет тексергенде анықталмайтындықтан, табындағы ауруға шалдыққан барлық мал басын 30 күн ішінде етке сойған тиімді.

55. Ауданның мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының рұқсаты бойынша бруцеллезге шалдыққан табынды, жануарларға жүйелі серологиялық зерттеулер жүргізу, ауруға шыққан жануарларды етке сою жолымен сауықтыруға болады.

56. Табындарды жүйелі серологиялық зерттеулер жолымен сауықтыруға, жануарларда бруцеллездің клиникалық белгілері байқалмаса және табында бруцеллезге шалдығу ұлғаймаса рұқсат етіледі. Қатарынан арасына 15 күн салып кешенді АР, КБР, КҰБР, РБС немесе ИФА-ге, серологиялық әдістермен тексергенде бруцеллез анықталса жұғу индексі бірінші тексеруде 5 процент, ал екінші тексеру 3 проценттен аспаған жағдайда.

57. Сауықтыру шараларын ауданның мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының басшылығымен ветеринариялық мамандар жоспарлайды және орындайды.

58. Індет ошағындағы мал байлауда бағып күтіледі. Кейбір жағдайда оларға қоршалған жайылым телімдерін бекітіп береді, ондай жағдайда індет ошағының шекарасы кеңейтіледі. Ауру малдар жайылған жайылымды және олар су ішкен ақпайтын суаттарды, тек аурудан таза емес мал тобы шығарылғаннан соң

кемінде 3-айдан кейін және сол аумақ толығымен залалсыздандырылғаннан кейін сау малдарға пайдалануға болады.

59. Зерттеу нәтижелері алынғаннан кейін бір тәулік ішінде оң және күдікті нәтиже берген жануарлар бөлек оқшауланады.

60. Оң нәтиже берген жануарларды 3-күннің ішінде етке союға жібереді.

61. Күдікті нәтиже берген жануарлар 15-20 күннен кейін кешенді серологиялық әдістермен қайта зерттеледі. Оң және қайтадан күдікті нәтижелер алынса бруцеллезге диагноз анықталды деп есептеледі және жануарлар етке сойылады. Қайтадан зерттеу барысында күдікті нәтижесі жойылған жануарлар, шартты түрде сау деп танылады және табынға қайтарылады. Егер бірінші жолы бірнеше жануар күдікті нәтиже беріп және қайтадан зерттеу барысында олардың жартысында диагноз анықталса, онда барлық мал тобы етке союға жіберіледі.

62. Диагностикалық зерттеулер жүргізілгеннен және оң нәтиже берген жануарлар оқшауланғаннан кейін мал қоралары дезинфекцияланады. Оң нәтиже берген мал орналасқан оқшауханада аптасына бір рет дезинфекция жасалынады.

63. Екі рет теріс нәтиже алынғаннан кейін, табын үш айлық бақылауға қойылады. Осы уақыт аралығында АР, КБР, РБС және ИФА әдістерімен диагностикалық зерттеулер жүргізіледі. Теріс нәтижелер алынғаннан соң дератизация, санитариялық жөндеу және қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін табын сауықтырылды деп есептеледі және шектеу алынады.

64. 12 ай ішінде табын сауықтырылмаса, онда мемлекеттік ветеринариялық инспектор індеттанулық зерттеулер нәтижелері бойынша сауықтыру шараларын ұзартудың немесе барлық мал басын етке союдың тиімділігі туралы шешім қабылдайды.

65. Егер байқау зерттеулері кезінде бірен-саран мал оң нәтиже берсе, ал жыл бойғы ауыру көрсеткіші 10% артпаса, табынды сауықтыру мерзімі тағы да 6 айға ұзартылуы мүмкін.

## **9. Индет ошағындағы және бруцеллезден таза емес пункттердегі жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық шаралар**

66. Индет ошағы айқындалғанда және аурудан таза емес пункттің шекарасы анықталғанда шектеу қойылады.

67. Шектеу шарттары бойынша тиым салынады:

1) шектеу қойылған аумақ арқылы аурудан таза жануарларды тасымалдауға, айдап өтуге, енгізуге, сыртқа шығаруға, тек оларды етке союға жіберген жағдайдан басқа;

2) індет ошағы айқындалған аурудан таза емес аумақтан басқа аумаққа әкетуге

, шөп, сабан және басқа мал азығын дайындауға, сондай-ақ мал және адамдардың жиналуына байланысты шаралар жүргізуге;

3) бруцеллезбен ауырған жануарларды және олардан алынған төлдерді 5 күннен артық ұстауға; көрсетілген жануарларды тез арада басқа жануарлардан оқшаулайды және олардың асыл тұқымдығына, өндірістік мәніне, салмағына, жасына буаздығына қарамастан бордақыламай 5 күн ішінде етке союға өткізеді.

68. Бруцеллезден таза емес табынның жануарларын аурудан таза мал басынан оқшаулап ұстайды. Төл алуды, мал қораларынан қабырға арқылы оқшауланған бөлмелерде жүргізеді.

69. Бұрын ауру жануарлар (аурудан таза емес мал басы) ұсталған мал қораларына сау малдарды енгізуге тыңғылықты дезинфекцияланғаннан, мал қыдырту алаңдарын және басқа нысандарды тазалағаннан, сондай-ақ дезинсекция және дератизация жүргізілгеннен кейін рұқсат етіледі.

70. Бруцеллезден таза емес жануарлар жайылған жерлерден орылған шөп үш ай бойы сақталады. Сонан кейін барып сол аумақта ұсталатын малға беріледі.

71. Бруцеллезден таза емес пункттерде ұсталатын қой мен ешкілерді саууға, залалсыздандырылмаған елтірі терілерін өңдеуге (кептіру, тазалау және басқа), сондай-ақ қозының ұлтабар қарнын және ұшаларын дайындауға, ал қой және ешкі сүтінен ірімшік және қатық дайындауға тиым салынады. Елтірі терісі ұшадан сыпырып алынғаннан кейін дезинфекцияланады және сақталады, ал ұшалары өртеледі немесе мал қорымына апарып тасталады.

72. Бруцеллезден таза емес пункттерде қойдан (ешкіден) алынған жүнді залалсыздандырады.

73. Бруцеллезбен ауырған (оң нәтиже берген), тек ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтап ет комбинаттарына апарылатын малдан басқа, жануарларды тасымалдауға және етке, жайлауға айдауға болмайды. Бруцеллезбен ауырған жануарларды темір жолмен, су жолымен және автокөлікпен ветеринариялық-санитариялық ережелерді қатаң сақтай отырып, ветеринариялық маманның бақылауымен ерекше жағдайда ветеринариялық-санитариялық жүк тасымалдау талаптарын басшылыққа ала отырып ет комбинаттарына апаруға рұқсат етіледі.

74. Шаруашылықта (аулада) бруцеллезбен ауырған малдарды етке союға, осы мақсатта арнайы дайындалған орындарда барлық ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың талаптарын сақтай отырып етке сояды.

75. Бруцеллезбен ауырған малдарды етке сойған кезде, алынған залалсыздандырылмаған етті, ет және басқа өнімдерді аңдарға азық ретінде пайдалануға тиым салынады.

76. Жануарлардың өлекселері, іш тасталынған төл міндетті түрде жойылады немесе утелдеуге жіберіледі.

77. Бруцеллезбен ауырған сиырларды саууға тиым салынады.

78. Аурудан таза емес пункттегі сиырлардан алынған залалсыздандырылмаған сүтті сүт өңдеу мекемелеріне апаруға, базарларда сатуға, асхана жүйесінде пайдалануға тиым салынады. Ондай сүт пісіріліп жас малдарды азықтандыру үшін пайдаланылады.

79. Аурудан таза емес пункттегі теріс нәтиже берген сиырлардан алынған сүт (кілегей)  $70^{\circ}\text{C}$  30 минут бойы,  $85-90^{\circ}\text{C}$  20 секунд бойы залалсыздандырылады, пісіріледі немесе тортасы айырылған майға өңделеді. Сүт осындай тәртіпте шаруашылық ішіндегі қажеттілік үшін залалсыздандырылады (сонымен қатар беті алынбаған сүттің гелін алмастыруға).

80. Тортасын айырыған май дайындағанда алынатын көк сүтті және іркітті сол фермада малдарға азық ретінде пайдаланады.

81. Ауырған жануар тұрған қора жайларды дезинфекциялау үшін - хлорлы әктің судағы ерітіндісімен; құрамында 2 процент белсенді хлоры бар немесе ДП-2 препаратымен; формальдегидтің ерітіндісімен (70 процент формалин және 3 процент күйдіргіш натрий); 2 процент күйдіргіш натрийдің ыстық ерітіндісі; 2 процент формальдегидтің ерітіндісі; 0,5 процентті глутарь альдегидтің ерітіндісі; 5 процент техникалық фенолды натрий немесе карбол қышқылы; эстостерил-1 құрамында 0,5 процент мүсәтір қышқылы бар; немесе басқада дезинфекциялық заттар пайдалынады.

82. Бруцеллезбен ауырған немесе оған күдікті малдардың көңін, төсенішін және жем-шөп қалдықтарын жояды немесе залалсыздандырады. Осы жануарлардың көңін шаруашылықта, тек алдын ала залалсыздандырып барып қолдануға болады. Көңді биологиялық, химиялық немесе физикалық әдістермен залалсыздандырады.

83. Ірі қара мал бруцеллез ауруынан таза емес аумақтарда шаруашылық аралық фермалар және басқа бұзау өсіру мекемелерін ұйымдастыруға жол берілмейді.

84. Індет ошағы айқындалғанда және аурудан таза емес пункттің шекарасы анықталғанда шектеу қойылады.

85. Шектеу шарттары бойынша тиым салынады:

1) малдарды оқшауханадан басқа жерлерде ұстауға;

2) індет ошағы және аурудан таза емес аумаққа жануарларды кіргізуге (әкелуге) және шығаруға (әкетуге).

## **10. Ірі қара мал бруцеллезінен таза емес пункттерді сауықтыру**

86. Бруцеллезден таза емес пункттерді сауықтыру індет ошағын және сыртқы ортадағы (берілу факторларын және ауру қоздырушыларын тасымалдаушыларды) қоздырушыны жою үшін жүргізілетін шараларға тіреледі.

87. Іш тастау байқалған, бруцеллезбен ауырған мал айқындалған кезде, табындағы барлық жануарларды 5 күн ішінде етке союға тапсырады.

88. Ірі қара малдың бруцеллезі анықталған кезде, аурудан таза емес пункттің, жеке індет ошағының және қауіп төнген аумақтың шекарасын белгілейді және шектеу қояды.

89. Аурудан таза емес пункттерді сауықтырады:

1) аурудан таза емес мал басын жою және оларды сау малдармен алмастыру ж о л ы м е н ;

2) жүйелі диагностикалық тексерулер, ауруға шыққан малдарды оқшаулау және етке сою жолымен.

90. Аурудан таза емес барлық ірі қара мал басын 30 күн ішінде, ал айқындалған ауру малдарды, аурудан таза емес мал басын жойғаннан кейін 5 күн ішінде етке сояды, мал тұрған қора және оның аумағы санацияланады.

91. Ірі қара мал табынын бруцеллезден жүйелі диагностикалық тексерулер жолымен, бруцеллезге қарсы вакциналарды қолдану және оларды қолданбай сауықтырады.

92. Вакциналарды қолданбай сауықтыру кезінде диагностикалық зерттеулер жүргізеді.

93. Оң нәтиже берген малдарды тез арада табыннан оқшаулайды және оларды айқындаған уақыттан бастап 5 күн ішінде етке сояды. Ауру мал тұрған қораларға дезинфекция жүргізеді (әрбір ауру мал анықталғаннан соң).

94. Қатарынан екі рет теріс нәтижелер алынғаннан кейін, аурудан таза емес пункттегі барлық мал басы 3 айлық бақылауға қойылып, арасына 1,5 ай салып диагностикалық зерттеулермен тексеріледі. Бақылау тексерулері кезінде теріс нәтижелер алынып және қорытынды іс-шаралар жүргізілгеннен кейін аурудан таза емес пункттен шектеу алынады.

95. Табынды бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану арқылы сауықтыру кезінде мал басына сертификациялық статусына сәйкес иммунизация жүргізіледі.

Вакцина егілген малдарды бруцеллезге вакцинаның қолдану нұсқамасында белгіленген әдістермен және көрсетілген мерзімде тексереді.

96. Егер табын жүйелі диагностикалық зерттеулер жолымен бір жыл ішінде сауықтырылмаса, онда табындағы барлық жануарларды етке сояды.



97. Иммуноделген мал табынын сауықтыру кезінде вакцина егілген кезеңнен кейін диагностикалық зерттеулер мал бруцеллезінің диагностикасы нұсқамасына сәйкес иммунологиялық реакциялармен және 0-ПС антигенмен иммундық диффузиялық реакциясымен (ИДР) жүзеге асырылады.

## **11. Ұсақ мал бруцеллезінен таза емес пункттерді сауықтыру**

98. Шаруашылық субъектісінде қойдың, ешкінің бруцеллез ауруы айқындалған кезде, індет ошағындағы барлық мал басы физиологиялық жағдайына, шаруашылық мәніне қарамастан, алынған төлімен бірге тез арада етке союға жіберіледі.

99. Аурудан таза емес пунктте, қауіп төнген аумақта орналасқан ауруға бейім мал басын серо-аллергиялық әдіс кешенімен бруцеллезге тексереді. Егер шаруашылық субъектісінде қой, ешкі арасында ауру жануарлар болмаса, аурудан таза емес пунктте ұсталатын барлық ауруға бейім мал басы бойынша зерттеу барысында қатарынан екі рет теріс нәтиже алынса және барлық санитариялық шаралар орындалса шектеуді алады.

100. Сау малға індеттің жұғу қаупі төнген жағдайда, оларды вакцинамен егеді. Вакцинаны қолдану тәртібі және сонан кейінгі диагностикалық зерттеулер жүргізу нұсқамаға сәйкес шектелуі және шаруашылық субъектісінің сауықтыру жоспарында көрсетілуі тиіс. Бұл жағдайда барлық классификациялық аумақтың қозыларын иммундеуді, оларды алдын ала тексеру арқылы жүзеге асырады. Барлық жастағы қой топтарын жылдың бір мезгілінде (шілде-тамыз) вакцинамен егеді.

101. Қойларды (ешкілерді) ұрықтандыру үшін бруцеллезден және жұқпалы эпидидимиттен сау қойлардың (текелердің) ұрықтарын пайдаланады. Кейін олардың аурудан тазалығына бақылауды аулаларда ұсталатын кішірек мал басын (50 басқа дейін) және отардағы (50 бастан артық) барлық мал санының 30% жоспарлы диагностикалық тексеру жолымен жүзеге асырады.

## **12. Қойлардың "Brucella ovis" (қойлардың жұқпалы эпидидимиті) қоздыратын ауруынан таза емес пункттерді сауықтыру**

102. Қойлардың жұқпалы эпидидимиті айқындалған кезде, ауру жануарларды етке союға өткізеді, ал шаруашылық субъектісіне шектеу қояды.

103. Ауру қойлармен жанасқан қойларды, серологиялық КҰБР және аллергиялық әдіспен 20-30 күн сайын қатарынан 3 рет теріс нәтиже алынғанша

тексереді. Ауру мал шыға қалған жағдайда, оларды етке союға жібереді (саулық қойларды қозыларымен бірге). Іш тасталған төл байқалса, оны зертханаға бактериологиялық тексеруге жібереді.

104. Қошқарлар және саулық қойлар үлкен топтармен шоғырланған жерлерде, жүйелі диагностикалық зерттеулер әдісімен сауықтыруға болмаған жағдайда, төлдерді (3-5 айлық) нұсқамаға сәйкес Рев-1 вакцинасымен егеді.

105. Зерттеулерден теріс нәтижелер алынған кезде, барлық ауырған мал басын етке союға тапсырғаннан және санитариялық жұмыстар жүргізілгеннен кейін, пунктті таза деп есептеп жануарларды қолданысқа пайдаланады.

106. Кейін қошқарларға жылына 2 рет, ұрықтандырудан 1-2 ай бұрын және ұрықтандыру кампаниясы біткен соң жоспарлы диагностикалық зерттеулер жүргізіледі.

### **13. Түйе, шошқа, терісі бағалы аңдар, марал және бұғыларды бруцеллезден сауықтыру**

107. Түйелерді жүйелі диагностикалық зерттеулер жолымен және нұсқамаға сәйкес арнайы профилактикалық препараттарды (штамм 82 вакцинасын) қолдану арқылы сауықтырады.

108. Шошқаларда бруцеллез анықталғанда, барлық мал басын, оның ішінде жас торайларды, етке союға өткізеді және кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізеді. Қораларды және олардың аумақтарын санациялағаннан және шектеуі алынғаннан кейін фермаға сау шошқаларды әкеледі.

109. Барлық категориядағы аң өсіру шаруашылықтарында және ит питомниктерінде бруцеллез айқындалған кезде барлық аурудан таза емес жануарлар топтарын сояды, терілерін залалсыздандырғаннан кейін қолданады. Қалған мал басын екі рет теріс нәтиже алынғанша тексереді. Ауру аңдарды жойғаннан және кешенді ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізілгеннен кейін пункттен шектеу алынады.

110. Маралдардың және бұғылардың бруцеллезін айқындау үшін, пантыны кесу кезінде қан тексеріледі. Оң нәтиже берген жануарларды етке сояды. Аурудың алдын алу мақсатында табындардың қозғалыс маршруттарын белгілейді. Төлдеу кезінде шуларын және іш тасталған төлдерін жояды, табынды жаңа жайылымға айдап апарды.

111. Егер кезекті тексеру кезінде, бірде-бір жануар диагностикалық тестерге оң нәтиже бермесе және кешенді ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізілген болса, табын аурудан таза деп танылады.

## **14. Індет ошағына эпизоотолого-эпидемиологиялық талдау жүргізу**

112. Бруцеллездің індет ошағы - жануарларға және адамдарға жұғу қаупі бар, ауру қоздырғышының бастауы және берілу тетігі орналасқан аумақ болып саналады. Індет ошағына эпидемиолог және эпизоотолог дәрігерлер бірлесіп талдау жүргізеді. Талдауды уақытында және жедел жүргізудің маңызы зор. Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезімен күресудің және адамдардың бруцеллезбен ауруының алдын алудың кешенді шаралары ветеринариялық және санитариялық қызмет мамандарының шаруашылық (ферма) жетекшілерімен бірлесе отырып, аумақтың эпизоотологиялық жағдайын және эпидемиологиялық ерекшеліктерін нақтылы зерттеулер негізінде дайындалады.

113. Адамдарға бруцеллездің жұғуын, аурудың бастауын анықтауда эпизоотологиялық деректердің шешуші маңызы бар.

114. Адамдардың бруцеллезбен ауыруында қой бруцеллезінің маңызы ерекше. Ірі қара мал және шошқа бруцеллез ошақтарында, әлбетте ауру бірен-саран спорадиялық жағдайда тіркеледі.

115. Індет ошағына эпидемиологиялық талдау жүргізу емдеу мекемелерінен (форма N 58/у ) бір тәулік ішінде шұғыл хабарлама, сондай-ақ ветеринариялық қызметтен, шаруашылық субъектілерінің мамандарынан немесе жетекшілерінен, мал иелерінен жануарлардың бруцеллезбен ауырғаны туралы мәліметтер алынғаннан кейін басталады.

116. Адамдардың бруцеллезбен ауыру жағдайына эпидемиологиялық талдау жүргізудің мақсаты ветеринариялық қызмет мамандарымен бірлесе отырып аурудың бастауын, жұғу жолдарын, инфекция бастауымен жанасуда болған барлық тұлғаларды анықтау және сол ошақта бруцеллездің адамдарға жұғуының алдын алудың кешенді шараларын жүргізудің, сондай-ақ бруцеллез ошағында жұмыс істейтін тұлғаларды алдын ала бақылауға алу болып табылады.

117. Жұғу жолдарын анықтау үшін мал шаруашылықтарына, жеке шаруашылықтарға, мал өнімдерін және шикізаттарын өңдеу (сүт комбинаттарына, мал сою пункттеріне, ірімшік қайнату зауыттарына) мекемелеріне мұқият талдау жүргізу қажет. Талдауды ветеринариялық дәрігер-эпизоотолог, дәрігер-эпидемиолог объектіге бекітілген санитарлық дәрігермен және шаруашылықтың немесе мекеменің (жеке меншіктің) қатысуымен жүргізеді. Ошақта эпизоотолого-эпидемиологиялық талдау келесі кесте бойынша жүргізіледі:

1) ошақтың шыққан жерін анықтау (ферма, отар, мал өнімдерін өңдеу мекемелері, жеке шаруашылық). Осы ошақта бұған дейінгі адамдарды диспансерлік тексерудің және ветеринариялық зертханалардың тексеру

нәтижелерін пайдалана отырып, бұдан бұрын ошақта адамдардың немесе жануарлардың бруцеллезбен ауырған жағдайы болғандығын анықтау қажет;

2) ошақтың шығу себептерін және жағдайларын, инфекция қоздырушысының бастауын және аурудың адамдарға жұғуын анықтау. Кейінірек бруцеллезге қарсы қолданылатын шаралар осы мәселелерді дәл және толық анықтауға байланысты ветеринариялық қызмет жануарларды бруцеллезге тексеруді және ауру мал шыға қалғанда оларды тез арада оқшаулауды, союды, сондай-ақ басқада ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастырады. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет емдеу жүйелері арқылы ауруды алдын ала анықтау және емдеу мақсатында аурудың жұғу қаупі төнген барлық тұлғаларды тексеруді, берілу факторлары болып саналатын күдікті нысандардан зертханалық зерттеулерге сынамалар алуды, аурудың алдын алу туралы санитарлық үгіт ағартушылық жұмыстарды және басқа шараларды ұйымдастырады. Іш тастаған, өлі туған жануарлардың төлдерінен және сүттерінен қоректік орталарды пайдалана отырып бруцеллалардың өсіндерін бөліп алу, аурудың жұғуының басты дәлелі болып табылады.

Сонымен қатар, бұл факторлардың (топырақ, су, сүт өнімдері, жүн, тері, көң және басқа) маңызын анықтау гемагглютинациялау тәсілінде (РПГА) моноклональді антиденелердің эритроцитарлық диагностикумдерін және басқа тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады;

3) алынған мәліметтерді талдау, шыққан ошақты жоюдың барабар шараларын қабылдау, оның шығуы және жүргізілген шаралар туралы тұжырымдар дайындау. Ветеринариялық маман және эпидемиолог ошақтың эпизоотологиялық жағдайын, қарқынын (малға жұғу деңгейін), шекарасын, қоздырушының түрін, нысанның санитарлық-гигиеналық жағдайын, инфекция қоздырушысының берілу факторлары мен жұғу жолдарын, жұғу қаупі төнген тұлғалардың тізімін анықтауға және ошақты жоюдың шараларын қабылдауға тиісті. Бруцеллездің ошағы, барлық ауру мал союға өткізілгеннен, бақылау тексерісі кезінде қалған жануарлардан теріс нәтижелер алынғаннан, инфекцияның берілу факторлары залалсыздандырылғаннан, мал тұрған жер тазартылғаннан, жұғу қаупі төнген барлық тұлғалар диспансерлік бақылаудан өткеннен кейін жойылды деп есептеледі. Ошақтың жойылуының ең басты себебі, ауру малдың болмауы және осы ошақта адамдардың бруцеллезбен қайтадан ауырмауы болып табылады. Эпидемиолог індет ошағына ветеринария маманымен бірлесіп талдау жүргізу барысында, адамға жұққанына, жұқпағанына қарамастан арнайы есептілік формасындағы N 307/у "Зооноз ауру ошағына эпизоотолого-эпидемиологиялық талдау жүргізу картасы" толтырылады. Адам ауырған жағдайда, оған "Ауру туралы мәліметтер" жанамасы толтырылады.

Ошақта бірнеше осындай жағдайлар болғанда, жанама әрбір ауруға

толтырылады. Картаның бөлімдері және ондағы сұрақтар ошаққа эпизоотолого-эпидемиологиялық талдау жүргізу этаптарының тәртібінде дайындалған. Егер эпидемиологиялық талдау бруцеллезбен ауырған жандарға байланысты жүргізілсе (ветеринариялық дәрігермен бірге), онда бруцеллезге қарсы қолданылған шаралардың орындалу нәтижелері, жұмыскерлерді бруцеллезге қарсы егудің жағдайы, инфекция бастауымен жанасқан тұлғаларды медициналық тексеруді ұйымдастыру, сондай-ақ эпидемияға қарсы жүргізілген шараларды тексеру нәтижелері көрсетіледі. Шаруашылыққа (мекемеге) міндетті түрде орындалуы тексерілетін жоспар-тапсырма дайындалады.

118. Фермаларға, жеке мекемелерге (шаруашылықтарға) талдау жүргізгенде бруцеллезге қарсы қолданылған шаралардың орындалуына, жұмыскерлердің еңбек ету жағдайына басты көңіл аудару қажет, ол үшін:

1) нысанның санитарлық-гигиеналық жағдайын бағалау, аумақтың көріктенуін, сумен қамтамасыз етілуін, дезинфекциялық және жуғыш заттардың болуын, жұмысшылар бөлмелерінің жабдыкталуын, олардың күту жағдайын, мал қорымдарының, Беккери апандарының немесе өлексе өртеу пештерінің, сыпыру тазалау құралдарының болуын, оның ішінде іш тастаған және өлі туған төлдерді, шуды алуға арналған құралдардың болуын анықтау қажет;

2) жеке қорғану киімдерінің, арнайы және аяқ киімдердің, қолқаптардың, резинеленген фартуктердің, олардың санын, қолдануға болатындығын, сақтау тәртібін, орталықтан жуу, аптечкалардың, қолжуғыштардың, дезинфекциялық заттардың, сабынның болуын анықтау;

3) алиментарлық жұғу жолдарын анықтау мақсатында сүтті пастеризациялау режимін, ыдыстардың жуу және сүзгіш материалдарын сақтау тәртіптерін бақылауға, сүт және сүт өнімдерін сату тәртібін белгілеу;

4) талдаудан өткен шаруашылықтағы мал өнімдері мен шикізаттарын өңдеу және тасымалдау тәртібін анықтау, шаруашылықтағы немесе мекемедегі жұмысшыларға профилактикалық бақылау жүргізуді ұйымдастыруды тексеру.

## **15. Адамдарды аурудың жұғуынан қорғаудың шаралары**

119. Адамдарды бруцеллезден қорғаудың шаралары аймақтық және жергілікті бағдарламаларға сәйкес облыста, ауданда және жеке шаруашылықта жүргізілуге тиіс.

120. Адамдарды аурудың жұғуынан қорғау мақсатында келесідей ветеринариялық және санитарлық-гигиеналық шаралар жүргізіледі:

1) бруцеллезден таза емес шаруашылықтарда мал сою тәртіптерін сақтауға, соңынан жабдықтарды залалсыздандыруға, ауру малдар тасымалданған көлік д е з и н ф е к ц и я л а у ғ а ;

2) бруцеллезге тексергенде оң нәтиже берген жануарларды қабылдауға, тасымалдауға және союға, ұшаларын бөлуге және шикізаттарын өңдеуге мекеменің тек тұрақты бруцеллезге диспансерлік тексеруден өткен оның ішінде бруцеллезге тексергенде оң иммунологиялық нәтиже берген, бірақ титрлерінің өсу динамикасы байқалмайтын, медициналық мекемелер бруцеллездің тұрақты түрлерінің айқындалған жұмысшылар жіберіледі;

3) қолдарының саусақтарында жара және басқа да терінің зақымдануы бар тұлғалар, жұмысқа терінің зақымданған жерлерін алдын ала өңдеп резиналы қолғап кигеннен кейін жіберіледі. Бруцеллезден таза емес шаруашылықтан келген, тексерген кезде бруцеллезге оң нәтиже берген малдарды сойғанда, өңдегенде, осы жұмысқа қатысатындардың барлығы резиналы қолғап киюге т и і с т і ;

4) бруцеллезге оң нәтиже берген жануарларды қабылдауға, тасымалдауға, союға және ұшаларын бөлуге, олардан алынған шикізаттарды өңдеуге жасы 18-ге толмаған тұлғалар, аяғы ауыр әйелдер, уақытша алынған жұмысшылар, жіті және созылмалы түрдегі аурулар, бруцеллездің клиникалық белгілері байқалған, бруцеллездің алдын алу жөнінде санитарлық сынақтан өтпеген адамдар ж і б е р і л м е й д і ;

5) бруцеллезден таза емес шаруашылықтан алынған мал өнімдері мен сүтті пайдалануда және өңдеуде белгіленген тәртіпті сақтауға;

6) мекемелер және шаруашылықтарда жануарлар мен жұмыс істеу ережелерін сақтауға: бруцеллездің жұғу қаупі бар жұмысшыларды, сондай-ақ уақытша қабылданған жұмысшыларды жеке гигиеналық құралдармен, жеке және арнайы киімдермен (халат, резиналы қолғап, фартук, арнайы аяқ киім) қамтамасыз етуге;

7) бөлмелердің болуы және оларды дұрыс пайдалануға: дем алу, тамақ ішу, ж у ы н у б ө л м е л е р і ;

8) ыстық сумен, жуғыш заттармен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз е т у г е ;

9) шаруашылықтарда және мекемелерде орталықтан дезинфекция, арнайы киімдерді жууды және тазалауды ұйымдастыруға;

10) жұмысшыларға гигиеналық ережелер, жеке қорғану заттарын қолдану, бруцеллезге қарсы режимдерді сақтау туралы міндетті инструктаж жүргізуге;

11) бруцеллездің жұғу қаупі бар жұмысқа, тек инструктаждан өткеннен кейін жіберуге.

121. Мал шаруашылықтарында, мал өнімдері мен шикізатын өңдеу мекемелерінде, вирулентті өсіндермен жұмыс істейтін зертханаларда бруцеллезге қарсы қолданылатын шаралардың ұйымдастыруын және орындалуын бақылауды мемлекеттік санитарлық қадағалау органы белгілеген

тәртіпте аумақтық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары жүзеге асырады.

122. Бруцеллездің жұғу қаупі бар мал шаруашылықтарында, жайлауда, мал сою пункттерінде, қой қырку пункттерінде, ет және сүт комбинаттарында және басқа да мекемелерде бруцеллезге қарсы қолданылатын режимнің сақталуын жоспарлы түрде тексеруді, осы нысандарға бекітілген санитарлық дәрігермен бірлесе отырып эпидемиолог, сондай-ақ ветеринариялық дәрігер инспектор жүргізеді. Жоспарлы тексерудің жиілігі эпизоотологиялық жағдайға байланысты, яғни жылына 2 рет нысандарды тексеру нәтижелері бойынша шара қолдану үшін әкімшілікке хабарланады.

## **16. Кәсіпкерлік контингентті диспансерлік профилактикалық бақылау**

123. Ауру жұққан және бруцеллезбен ауырған адамдарды уақытында анықтау мақсатында, олар жұмысқа орналасар алдында және жыл сайын міндетті профилактикалық тексеруден келесі санаттағы азаматтар өтеді:

- 1) мал өсірушілер және олардың семья мүшелері;
- 2) мал күтуге уақытша жіберілген жұмысшылар, мал шаруашылығы мекемелерінде (шаруашылықтарында) жұмысқа араласып жүрген құрылысшылар, механизаторлар;
- 3) мал өнімдерін және шикізаттарын өңдеу мекемелерінің тұрақты және уақытша жұмысшылары;
- 4) қаракөл зауыты, тері зауыты, жүн өңдеу фабрикасы, тері, жүн өңдеу, ет-сүйек ұнын дайындау кәсіпорындарының жұмысшылары;
- 5) вакциндік препараттармен, бруцеллалардың тірі өсінділерімен, патологиялық материалдармен жұмыс істейтін медициналық, ветеринариялық мамандар және басқа адамдар;
- 6) бруцеллезге серологиялық реакциялар бойынша оң нәтиже берген және бруцеллездің латентті түрімен ауырған тұлғалар 2 жыл бақыланады.

124. Диспансерлік тексеру тек бруцеллезден ресми таза емес шаруашылықтарда емес, сондай-ақ бруцеллезден таза шаруашылықтарда да жүргізіледі.

125. Ауылды жерлерде осы көрсетілген контингент жұмысқа орналасар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерілуі тиіс (клиникалық бақылау, қанды Хеддльсон реакциясымен зерттеу), бруцеллез жұққан жағдайда кәсіптік аурулар қатарына жатқызу үшін жұмысқа уақытша тартылған контингент, оған дейін толық диспансерлік тексеруден өтпеген жағдайда, бірінші онкүндікте тексеріске жатады, себебі аурудың жаңа жұққан кезінде гуморальдық жауап кейінірек пайда

болады. Бұл жағдайда медициналық қызметкер сақманға араласқан негізгі тұлғалардың тізімін дайындайды.

126. Диспансеризациялауға басшылықты денсаулық сақтау департаментінің бас мамандары жүргізеді. Диспансеризацияны инфекциялық аурулар бөлімі жүргізеді. Аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары контингенттік кезеңді медициналық тексеруден және диспансеризациялаудан өтуін бақылайды, жұмысшылардың санын және кезекті тексеру мерзімінің тізімін дайындайды, сондай-ақ қолайсыз шаруашылық факторларының әсерін анықтайды. Аудандық орталық аурухананың ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі, инфекциялық аурулар бөлімі, санитарлық-эпидемиологиялық стансаның (СЭС-тің) эпидемиологымен бірлесе отырып жылда бруцеллезге тексеру кезеңдерінің нәтижелерін келесідей мәліметтерді көрсетіп динамикасын анықтайды:

1) бруцеллезге диспансерлік тексеруге жататын адамдардың санын, оның ішінде дәрігерлік учаскілерге шаққанда;

2) бруцеллезбен ауырғандардың және кешенді тәсілдерге (Райта, Хеддльсон) оң нәтиже берген адамдардың санын, оның ішінде диспансерлік есепке алынғандар;

3) емделуге жататын аурулардың санын, оның ішінде (амбулаторлық және стационарлық) емделуге жіберілгендер;

4) басқа жұмысқа ауыстырылғандардың санын;

5) ауруға байланысты мүгедектікке жіберілген адамдардың санын;

6) ауырғаннан кейін диспансерлік есепте тұрған адамдардың саны, оның ішінде ағымдағы жылдағы есепке алынғаны;

7) ағымдағы жылы диспансерлік есептен шыққан адамдардың санын.

Кәсіптік ауру тағайындалған адамдарға аса көңіл бөлінеді. Олар жеке есепке алынады.

127. Нысандардың әкімшілігі кезеңді медициналық тексеруге жататын адамдардың бекітілген тізімін дайындайды.

128. Бекітілген тізім бойынша, учаскелік медициналық қызмет (орталық аудандық аурухана, фельдшерлік-акушерлік пункт) мерзімді жұмыс уақытында малшылардың денсаулығын және уақытша жұмысқа алынғандарды сұрау және тексеру арқылы бақылайды және нәтижелерін диспансерлік журналға тіркейді.

129. Бруцеллезге оң нәтиже берген, бруцеллезге тән клиникалық белгілері байқалған адамдарды түпкілікті медициналық тексеруден тәжірибелі мамандар (инфекционист, невропатолог, гинеколог, уролог, хирург) өткізеді.

130. Диагнозды анықтауды немесе дәлелдеуді инфекциялық стационарда, бөлімде, ауруханада инфекционист дәрігер жүзеге асырады.



131. Бруцеллездің кәсіптік қызметпен байланыстылығы белгіленген тәртіпте міндетті түрде инфекционист және эпидемиолог дәрігерлердің қатысуымен анықталады. Бруцеллездің кәсіптік қызметке байланысты жұғуын дәлелдейтін негізгі құжат эпизоотолого-эпидемиологиялық талдау картасы болып табылады.

132. Малшыларды және уақытша сақманға тартылған жұмысшыларды сақманнан кейінгі 1-2 ай ішінде профилактикалық медициналық тексеруден (клиникалық тексеру, қанды Хеддльсон реакциясымен зерттеу) өткізеді.

133. Мал өнімдері мен шикізаттарын өңдеу мекемелерінің тұрақты және уақытша қабылданған жұмысшылары жаппай мал союда және малды санитарлық қасапханаларда сойғанда, жылдың төртінші тоқсанында диспансерлік тексеруден өтулері қажет (клиникалық тексеру, қанды Хеддльсон реакциясымен зерттеу). Диспансерлік топқа аурудың жұғу қаупі бар цехтардың жұмысшылары кіреді.

134. Тері, жүн өңдеу кіші кәсіпорындарының, қаракөл зауыттарының, тері зауыттарының жұмысшылары, сондай-ақ тірі бруцелла өсіндерімен жұмыс істейтін медициналық, ветеринариялық мамандар жылына бір рет диспансерлік тексеруден өтулері тиіс (клиникалық тексеру, қанды Хеддльсон реакциясымен зерттеу).

135. Бруцеллездің латентті түрімен және серологиялық реакцияларға оң нәтиже берген тұлғалар жылына бір рет диспансерлік тексеруден өтеді. Бруцеллез ушыққан жағдайда түпкілікті зерттеулер (қанды және зәрді зерттеу Хеддльсон және Райта реакцияларымен қайтадан тексеру) жүргізіліп және инфекционист-дәрігерге жіберіледі.

Сырқаттан шағым болмаған жағдайда, диспансерлік мерзімнің аяғында қанды Райта реакциясымен тексереді және теріс нәтиже алған жағдайда тексеру тоқтатылады.

136. Жеке шаруашылықта індет ошағындағы жануарлармен жанасуда болған барлық тұлғалар, балаларымен бірге тез арада аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының ұсынуымен тексеруге (клиникалық байқау, қанды Хеддльсон реакциясымен зерттеу) жатады. Осы тұлғалар ауру мал жойылғаннан және індет ошағына санация жүргізілгеннен бастап 6 ай бойы (инкубациялық кезеңнің мерзімі) бақылауда болады. Шағым түскен кезде түпкілікті (қанды қоректік ортаға егу, Райта реакциясымен) тексеріледі, ал осы уақыт аралығында шағым түспесе індет ошағындағы бақылау тоқтатылады.

## **17. Халық арасындағы санитарлық-ағартушылық жұмыс**

137. Санитарлық-ағартушылық шараларын жүргізудің мақсаты халыққа қажетті санитарлық-гигиеналық білімді жеткізу.

Бруцеллездің алдын алудағы санитарлық-ағартушылық жұмыстың негізгі мақсаттары :

1) бруцеллез - зооноздық инфекция, онда аурудың бастауы болып ауыл шаруашылығы малдары болып табылатындығын халыққа түсіндіру;

2) бруцеллездің жануарлар арасында таралуын, жұғу жолдарын және оның адамға қауіптілігін, кәсіптік ауру екенін хабарлау.

138. Санитарлық-ағартушылық жұмыс жүргізілетін топтар арасында кәсіптік аурудың маңыздылығына көңіл бөлуді түсіндіру. Мал шаруашылығы жұмысшыларына аурудан келетін экономикалық зиянды, оларға малдың іш тастауын айқындауды, табынды және шаруашылықты сауықтыруға ықпал жасайтын шұғыл дезинфекциялық шараларды жүргізуді көрсету.

139. Кезеңді медициналық бақылауды жүргізу уақытында, тексерілетін халық арасында санитариялық-ағартушылық жұмыстарына кеңінен жүргізіледі.

140. Малшыларды арнайы киімдер, сонымен қатар жеке басының профилактикасын сақтауға барлық керек заттарды беру тәртібімен таныстыру қажет.

141. Қой және ешкі өсірумен айналысатын жеке шаруашылықтарға, халыққа жануарлардың бруцеллез ауруының белгілері байқалғандағы шұғыл қолданылатын санитарлық және ветеринариялық шаралардың маңыздылығын түсіндіріп, оларды бұзған жағдайда инфекцияның адамдарға және малдарға жұғуына әкеп соғатынын, сонымен қатар балалармен жас өспірімдерді аурудан қорғауға көңіл аудару.

142. Мал өнімдері және шикізаттарын өңдеу мекемелерінің жұмысшыларына, жеке гигиеналық алдын алу шараларының маңыздылығын түсіндіру.

143. Халыққа бруцеллездің клиникасын түсіндіруге тоқталу. Негізгі симптомдарына тоқталып, ауруға диагнозды клиникалық және зертханалық зерттеулер негізінде тек дәрігер қоятынын айту қажет.

144. Егер балалар ауру малдарды күтуге араласса, оларға бруцеллездің жұғу қаупі барлығын түсіндірудің маңыздылығын көрсету.

145. Халық арасында ғылыми жетістіктерді насихаттау, егер оларға тәжірибеден, аумақтағы бруцеллезбен күресу шараларынан мысалдар келтіріп түсіндірсе өте тиімді болады.

146. Осы Ережелерде қаралған шаралардың орындалуына бақылау жүргізуді әкімшілік аумақтың мемлекеттік ветеринариялық инспекторы және аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық орган жүзеге асырады.

Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы аурулардың (бруцеллез) профилактикасы және олармен күресу бойынша ветеринариялық-

санитариялық және санитариялық-  
эпидемиологиялық ережесіне

ҚОСЫМША

**Бруцеллезден таза табындардағы жануарларда  
бруцеллезге күдік тудыратын белгілер байқалғанда  
жүргізілетін диагностикалық зерттеулер**

Бруцеллезге күдік тудыратын белгілер	Зерттеу тәртібі	Зерттеу нәтижелері	Келесі диагностикалық зерттеулер тәртібі	Зерттеулер нәтижелері	Қорытынды
--------------------------------------	-----------------	--------------------	--	-----------------------	-----------

Жануарлар түрлері ірі қара мал, қой, ешкі, түйе және басқалар

Іш тастау немесе басқа никалық белгілер	Жануарлар оқшауланады. кли-	А) бруцелла өсінін бөліп Бактериологиялық зерттеу (биосынаманы қоса алғанда) немесе бруцеллез антигенін ИФА әдісімен табу және арасына 15 күн салып серологиялық зерттеулер	Бруцеллез немесе биосынама немесе бруцелленіне оң ИФА. Серологиялық зерттеулер нәтижесі теріс; екі рет
оң;	Б) бактериологиялық (КБР және ИФА) жүргізу	Бруцеллез зерттеулер аяқталған жоқ, ал серологиялық зерттеулер	

В) бактериологиялық және серологиялық Оң нәтиже берген малдарды 15 күннен А) бактериологиялық зерттеулер

зерттеулер кейін се- және бру-  
 теріс. рологиялық целлез  
 (КБР және антиге-  
 ИФА) әдіс- ніне ИФА Бруце-  
 пен тексе- теріс, ллез  
 реді. Қал- бруцел- жоқ  
 ған мал- лезге  
 дарды АР, күдікті  
 КБР, КҰБР, малдарда  
 РБП және сероло-  
 СР әдісте- гиялық  
 рімен тек- реакциялар  
 середі. сақталуда  
 н е м е с е  
 т а б ы н д а ғ ы  
 б а с қ а м а л -  
 д а р д а о ң  
 н ә т и ж е  
 б а й қ а л д ы ;  
 Б ) б а к т е -  
 р и о л о г и я -  
 л ы қ , с е р о -  
 л о г и я л ы қ  
 з е р т т е у л е р  
 т е р і с .

---

Жануарлар түрлері ірі қара мал, қой, ешкі, түйе және басқалар

---

Жоспарлы	Оң нәтиже	А) оқшаулан-	Бруце-
тексеру	берген мал-	ған мал-	лез
барысында	дарды оқшау-	дарды КБР,	жоқ
кейбір	лайды және	КҰБР, СР	
малдардың	15 күннен	және ИФА оң	
қан сары-	кейін кешенді	немесе басқа	
суында АР	түрде АР (шош-	малдарда оң	
оң нәтиже	қалардан бас-	реакциялар	
берді ірі	қа), КБР,	байқалды;	
қара малда	КҰБР, СР және	Б) оқшаулан-	Бруце-
200 ХБ жо-	ИФА әдістері-	ған малдарда	лез

ғары емес, мен, сонымен АР титрі жо-  
ал қой, бірге қалған  
ешкі, шош- малдарды  
қаларда тексереді  
100 ХБ жо-  
ғары емес.

жоқ  
ғарлаған жоқ,  
КБР, КҰБР,  
СР, ИФА  
теріс, табын-  
дағы басқа  
малдарда се-  
рологиялық  
реакция  
немесе кли-  
никалық бел-  
гілер жоқ.